

Бағалы қағаздар рыногының субъектілеріне шектеулі ықпал ету шараларын қолдану Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007 жылғы 30 наурыздағы N 68 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 10 мамырдағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4669 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 167 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.04.28 № 167 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 3-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұсынылып отырған Бағалы қағаздар рыногының субъектілеріне шектеулі ықпал ету шараларын қолдану Ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Бағалы қағаздар рыногының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Хаджиева М.Ж.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне,»"Қазақстан Қаржыгерлер қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне және бағалы қағаздар рыногы субъектілеріне мәлімет үшін жіберсін.

4. Агенттіктің Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі осы қаулыны Қазақстан Республикасының баспасөз басылымдарында жариялау шараларын қолға алсын.

- 2) жолсыздықтың жиілігі мен ұзақтығын;
- 3) жол берілген жолсыздықтың нәтижесіндегі бағалы қағаздар рыногы субъектісінің шығындарының мөлшерін;
- 4) жол берілген жолсыздық туралы бағалы қағаздар рыногы субъектісі басшы қызметкерлерінің хабарландырылуын;
- 5) бағалы қағаздар рыногы субъектісінің жалпы қаржылық жай-күйін.

Бағалы қағаздар рыногы субъектісінің жалпы қаржылық жай-күйі есеп беру деректері, тексеру материалдары, аудиторлық есептер, ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйесінің болуына байланысты талаптарды орындау, сондай-ақ бағалы қағаздар рыногы субъектісінің қаржылық жай-күйі нашарлаған жағдайында қаржылық қолдау алу мақсатында бағалы қағаздар рыногы субъектісі басшылығының акционерлермен өзара ынтымақтасу қабілеттілігі негізінде анықталады.

3. Ықпал етудің бір шектеулі шараларын қолдану Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайдағы ықпал етудің басқа шектеулі шараларын қолдануды жоққа шығара алмайды және осының алдында қабылданған шаралардың қолданылуын уақытша тоқтатпайды және тыйым салмайды.

4. Уәкілетті орган қолданылған шектеулі ықпал ету шараларын есепке алуды жүргізеді.

2-тарау. Жазбаша ұйғарым

5. Уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногы субъектісінің атына белгіленген мерзімде анықталған кемшіліктерді жоюға бағытталған орындалуы міндетті түзетуді орындау шараларын қабылдау туралы жазбаша ұйғарым шығаруы мүмкін.

6. Бағалы қағаздар рыногы субъектісіне қатысты міндеттеме-хатты, жазбаша келісімді қолдану оның қызметіне тиісінше түзету жасауды қамтамасыз ете алмайтындығын немесе жасамайтындығын ескеріп, жіберілген тәртіп бұзулардың сипатынан пайда болатын жағдайларда қолданылады.

7. Уәкілетті органның жазбаша ұйғарымы бойынша сотқа шағым беру оның орындалуын тоқтата алмайды.

8. Түзету шаралары жазбаша ұйғарымда көрсетіледі және ол мына төменде көрсетілген шараларды орындаудың міндеттілігін білдіреді:

- 1) клиенттердің алдындағы міндеттемені орындау бойынша;
- 2) уәкілетті органның нормативтік құқықтық кесімдерінің бұзылуын анықталған жолсыздықтың жою бойынша;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бағалы қағаздар рыногы

субъектісіне қойылатын басқа талаптарды орындау бойынша.

9. Жазбаша ұйғарым бес күнтізбелік күн ішінде атқарушы органның барлық мүшелеріне және бағалы қағаздар рыногы субъектісінің басқару органына жазбаша ұйғарым жасалғандығы туралы хабарлайтын бағалы қағаздар рыногы субъектісінің бірінші басшысына немесе оның орнындағы адамға мәлімет үшін жіберіледі.

3-тарау. Бағалы қағаздар рыногы субъектісі басшы қызметкерлерін орнынан шеттетуге

10. Уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногы субъектісі қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасының бұзылуын анықтаған немесе уәкілетті орган анықтаған Қазақстан Республикасының заңнамасының бұзуларын бағалы қағаздар рыногы субъектісінің басшы қызметкерлері уәкілетті орган белгілеген мерзімде жоймаған жағдайда уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногы субъектісі акционерлері алдына бағалы қағаздар рыногы субъектісінің басшы қызметкерлерін орнынан шеттетуге туралы мәселені жазбаша түрде қоюы мүмкін.

11. Бағалы қағаздар рыногы субъектісінің акционерлері он күнтізбелік күн ішінде қажетті құжаттарды қоса беріп, қабылданған шаралар туралы ақпаратты уәкілетті органға мәлімет үшін жібереді.

4-тарау. Міндеттеме-хат

12. Уәкілетті орган бағалы қағаздар рыногы субъектісінен бар кемшіліктерді тану фактісі болуы тиіс міндеттеме-хатты және бағалы қағаздар рыногы субъектісі басшылығының оларды қатаң белгіленген мерзімде жою және (немесе) жоспарланған іс-шаралар тізбесін көрсете отырып, бұдан былай осыған ұқсас жолсыздықтарға жол бермеу жөніндегі кепілдікті талап ете алады.

13. Уәкілетті органның міндеттеме-хатты ұсыну туралы талап етуі бағалы қағаздар рыногы субъектісі қызметінде кемшіліктерді жою жөнінде өзіне тиісті міндеттеме қабылдаған тұлғалар тарапынан объективті шаралар қабылдануы мүмкіндігі айтылған жағдайда қолданылады.

14. Міндеттеме-хатты ұсыну мынадай жағдайлардың бірі болған кезде жеткілікті ықпал ету шарасы болып табылуы мүмкін:

1) өзіне тиісті міндеттеме қабылдаған тұлға ниет білдіріп отырғандығына және оны орындауды қамтамасыз етуге жағдайының барлығына негіз бар деп
б о л ж а л д а н с а ;

2) міндеттемеде шаралардың нақты құрамы және оларды жүзеге асыру мерзімі және уәкілетті орган оны жолсыздықтарды жоюға жеткілікті деп таныған болса.

5-тарау. Жазбаша келісім

15. Уәкілетті орган анықталған кемшіліктерді дереу жою қажеттігі және осыған байланысты бірінші кезектегі шараларды орындау туралы бағалы қағаздар рыногы субъектісімен жазбаша келісім жасауы мүмкін.

Жазбаша келісім бағалы қағаздар рыногы субъектісінің басқару органының және (немесе) атқарушы органның бірінші басшысымен немесе оның орнындағы а д а м м е н ж а с а л а д ы .

16. Жазбаша келісім бағалы қағаздар рыногы субъектісінің қызметінде қаржылық жағынан елеулі нашарлау белгіленген және оларды түзету жөнінде тиімді үйлестірілген шаралар қабылдауды талап ететін жағдайда жасалады.

17. Жазбаша келісімде бағалы қағаздар рыногы субъектісінің басқару және (немесе) атқарушы органы қабылдайтын кемшіліктерді жою, қаржылық жай-күйді жақсарту жөніндегі іс-әрекеттері және олардың орындалу мерзімдері көрсетіледі. Бағалы қағаздар рыногы субъектісі жазбаша келісімге қол қоя отырып, оның талаптарын орындау жөнінде өзіне міндеттеме алады.

18. Жазбаша келісім мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады.

6-тарау. Шектеулі ықпал ету шараларын қолдану жөніндегі талаптар

19. Бағалы қағаздар рыногы субъектісі шектеулі ықпал ету шараларын қолдану жөніндегі уәкілетті органның хабарламасын алғаннан кейін он күнтізбелік күн ішінде уәкілетті органға қажетті құжаттарды қоса беріп, бар кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шаралар жоспар-кестесін береді.

Уәкілетті орган ұсынылған жоспар-кестені қарайды және ол бойынша өз қорытындысын он күнтізбелік күн ішінде жолдайды. Уәкілетті орган жоспар-кестемен келіспеген жағдайда бағалы қағаздар рыногы субъектісіне белгілі бір мерзімде нақтылы іс-шараларды орындау қажеттігі туралы нұсқау ж і б е р е а л а д ы .

20. Бағалы қағаздар рыногы субъектісі уәкілетті органды тиісті құжатта көрсетілген мерзімде шектеулі ықпал ету шараларын орындау туралы хабардар е т е д і .

Жолсыздықты жоюды орындаудың белгіленген мерзімі бір айдан асып кеткен жағдайда бағалы қағаздар рыногы субъектісі ай сайын айдың жиырмасына дейін

уәкілетті органға бар кемшіліктерді жоюды кезең-кезеңімен орындау туралы
х а б а р д а р е т е д і .

21. Бағалы қағаздар рыногы субъектісінің уәкілетті органның шектеулі ықпал ету шараларын қолдану туралы шешімінде көзделген талаптар мен іс-шараларды орындау мерзімінің басы уәкілетті органның осы шешімінің келіп түсуін тіркеу күні болып табылады .

22. Бағалы қағаздар рыногы субъектісі шектеулі ықпал ету шараларын орындамаған жағдайда уәкілетті орган оған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес санкцияларды қолдануы мүмкін.

7-тарау. Қорытынды ережелер

23. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіп бойынша шешіледі.